

АҚЖҮНІС ОБРАЗЫ – ҚИЫН ОБРАЗ



*Ақжүніс ролінде
К.Байсейітова
Ер Тарғын ролінде
Қ.Байсейітов*

«Ер Тарғын» пьесасының алғашқы тексінде Ақжүністің образы жай ханның ардақты, әлпештеген сұлу қызы ғана болып жазылыпты. Ол басында Қыз Жібектің образына үйлесіп кеткен еді. Мен автормен бірігіп Ақжүністі көп ойладым. Аяғында Ақжүністің образын таптық. Хан атаулының қызы Жібек сияқты бола бермес, оның ішінде де қанішер, айлакерлері бар деп, Ақжүністі оқиғасына байланыстыра отырып қайтадан жасадық.

Бүгінгі Ақжүніс – Ақша ханның жалғыз қызы. Есіл-дерті – атақ, бақ, көрсеқызар. Тілеген жерде адам қанын ішуден де тайынбайды. Жүз құбылып алдап, сиқырлы көзқарасымен бірден-бірге жүйткіп шығатын сайқал. Ол – опасыз, тұрлаусыз, адамшылық, ар дегеннен безген әйел. Ақжүністің характері – осы. Мұндай қиын рөлді мен театр сахнасына келгелі тұңғыш рет ойнадым.

Режиссердің трактовкасымен рөлді қолға алғаннан кейін, күнде ізденгенім – образды толықтыру болды. Тегінде образдың толық болуы үшін актердің киімі, гримі, сөзі, қимылы, мимикасы сол адамның характеріне сай болуы керек. Мен шамам келгенінше осы шарттарды орындадым.

Ақжүністің «Наз қоңыр» және «Шіркін-ай» деген екі негізгі әні бар. Осы әндер көп айтылады, бірақ бір-біріне ұқсамайды. Действие қалай жүрсе, ән де солай өзгеріп отырады. Сондықтан кейде алдап жылпылдатып, кейде жалынып, кейде мұңайып, кейде көңілдене қуанып айтылады. Ол оқиғаның дамуына қарай.

Ақжүністің образы бұрынғы музыкалы пьесалардағы Айман, Жібек, Шұға, Хадишалардан анағұрлым өзге. Сондықтан да маған Ақжүністің образын жасау өте қиын тиді.

Өз ойымша, бүгінгі Ақжүністің образы теріс емес сияқты. Ендігі жерде мұнан да терендетіп, бұдан да күшейтіп шығара беруге тырысамын.

Бізге бірден опера-балет театрына көшу аса жеңіл тиген жоқ. Бірақ партия мен үкіметтің, әсіресе Мирзоян жолдастың басшылығымен, көмегімен біз бүгін қазақ операсын ойнап, бір ұлы асудың үстіне шықтық. Осы табысымызды баянды етіп, бұдан да үлкен табыстарға ие болуға барлық күшімізді жұмсаймыз.

Опера-балет театрының жұмысы өте жауапты, өте қиын, ол актердің өнерін, әнін, ойынын талғайды. Біз бүгін тек алғашқы адым аттадық. Ісімізде табыстармен қатар көп кемшіліктер де бар. Сондықтан ондай кемшіліктерді жойып, үлгілі табыстарға жеткізу жөнінде жұртшылықтың көмегі, сыны керек. Бізге көпшілік көмектесе, тез өсеміз!